

II МОДУЛЬ ҚҰЖАТ АҰНАЛЫМЫ

3-сабақ Ілесне хам



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

сот алқасы
алқа төрағасы
міндетін атқарушы
тіркеу
жолдау
сотталған

мәлімет үшін
табыстау үшін
қаулы көшірмесі
қылмыстық істер
мекеме басшысы



2. Есте сақтаңыз.



Ресми құжаттарда атын, әкесінің атын, тегін мемлекеттік тілде толық рәсімдеу кезінде септік жалғау субъектінің тегіне ғана жалғанады.

Мысалы: Қызметтік басқару бөлімінің маманы Оксана Николаевна Петрованы 2021 жылдың 12-16 тамыз аралығында 5 күнге қызметтік іссапарға жіберуіңізді сұраймын.

Қазақ тіліндегі мәтіндерде адам тегі септеледі. Дюма+ға, Гладких+қа, Петренко+қан, Зверев+ке,

-ев (-ева), -ов (-ова), -ин (-ина) қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: -ев (-ева) қосымшасы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан ұ және ш қыбысына аяқталған жалқы есімдерге жалғанады. Бұл қосымша жалғанғанда, түбірдегі ұ әрпі түсіріліп жазылады: Боранбай+ев – Боранбаев, Аманбай+ев – Аманбаев.

Ер адамның тегі -ов, -ев, -ин жұрнақтары арқылы жасалған болса, -ов, -ев жұрнақтарына қосымшалар түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке түрде жалғанып айтылады (және солай жазылады). Мысалы: Омаровтың, Омаровқа, Әуезовтің, Әуезовке, Құдайбердиевке, Құдайбердиевтен.

-ин жұрнағымен жасалған тегіне қосымшалар әрдайым жіңішке жалғанып, жіңішке айтылады: Оразалинге, Дербісалинге, Сембинге



3. Қажетті жалғауды жазыңыз.

Кімге?

-ге

-ке

-ға

-қа

А.Ө.Ақмаш _____

Т.А.Судоргина _____

Ә.Х.Есмағанбетов _____

Ж.Қ.Баимолдина _____

С.А.Әбдрахманова _____

Қ.Ә.Сапарғали _____

А.Б.Сатмолдин _____

Ә.Б.Серікболат _____

Р.А.Бейсембаев _____

М.Ш.Ағымбаева _____

А.Ж.Өмірғали _____

Т.К.Аршабек _____



4. Қажетті жалғауды жазыңыз.

Кімнен?

-ден

-мен

-нен

-қан

-тан

-нан

А.А.Оспанов _____

А.А.Өмірхан _____

Н.А.Алқаңғаров _____

Е.А.Жолболдин _____

А.Т.Өмірбеков _____

Ю.В.Яковлев _____

Ү.М.Досаев _____

В.А.Бирюк _____

Е.Н.Плавинская _____

К.Е.Мамаев _____

Т.Н.Башарина _____

А.Акопян _____



5. Туісті жалғауларды жазыңыз.

1. Ақвокат Азамат Медеуов _____ шағымы Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының іс жүргізуіне қабылдансын.

2. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотының төрағасы м.а А.Ж.Асанов _____

3. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотының кеңсе меңгерушісі Т.М.Жакупова _____

4. Қарағанды қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы А.О.Асанов, М.Мартова _____ хатшылығымен, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы прокуратурасы бөлімінің прокуроры Е.Н.Бердібеков _____, ақвокат А.С.Нұржан _____, күдікті А.Р.Сұлтанов _____, тергеуші Г.А.Әлиев _____ қатысуымен...

5. Сот күдікті А.Р.Сұлтанов _____ басқа жеңіл бұлтартпау шарасын қолдануға еш негіз жоқ деп есептейді.

6. Жеке айыптаушы Болат Бекмұратов _____ ҚПК-нің 72-бабында көрсетілген құқықтары түсіндірілсін.



6. Тыңдаңыз. Қажетті сан есімдерді жазыңыз.

- _____ жылғы _____ ақпан
- _____ жылғы _____ ақпанда
- Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) _____-бабының
- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) _____, _____-баптарымен
- Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің _____, _____, _____-баптарының талаптарын басшылыққа алып ...
- ҚПК-нің _____, _____-баптарын басшылыққа ала отырып...
- ҚК-нің _____-бабының екінші бөлігінде ...



7. Мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

мекеме
аудандық
табыстау
қатысты материал
қаулы
көшірмесін
мәлімет
қылмыстық
ескертпе
хаттамамен

жолдау
бойынша
көшірмесі
сотына
танысу
үшін
басшысына
беру
үшін
істер



Ілеспе хаттар адресатқа белгілі бір құжаттың жіберіліп отырғанын хабарлау үшін әзірленеді. Хат мәтіні екі бөліктен тұрады: жіберіліп отырған материал туралы ақпарат және нақтылау мәліметтері (қосымшалар).



8. Оқыңыз.

Қарағанды облысының
Абау ауданының №2
аудандық сотына

Қарағанды облысының
Прокуратурасына
АК 159/1 мекемесінің
басшысына
(сотталған Б.С.Асылжановқа
табыстау үшін)

Сотталған Б.С.Асылжановқа қатысты материал бойынша Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылдың 14 сәуіріндегі қаулы көшірмесін жолдаймын.

Қосымша: № 3238-20-00-2-2м/42 материал 1 бумаға, жеке іс 1 бумаға, 1 диск, қаулының көшірмесі бірінші мекенжайға, ал қалғандарына қаулының көшірмесі мәлімет үшін.

Алқа төрағасы

Р.Нұрмағамбетов

Орынқ.: Талғатова К. С.

тел.: 8-7212-58-94-04, @sud.kz